

Мәслихаттың "Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Көктал ауылының жергілікті қоғамдастықтың жиыннына қатысу үшін бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларын және ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" 2014 жылғы 19 наурыздағы № 145 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Әулиекөл ауданы мәслихатының 2022 жылғы 9 ақпандығы № 95 шешімі. Күші бұзылды - Қостанай облысы Әулиекөл ауданы мәслихатының 2023 жылғы 4 қыркүйектегі № 62 шешімімен

Ескерту. Күші бұзылды - Қостанай облысы Әулиекөл ауданы мәслихатының 04.09.2023 № 62 шешімімен (алгашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Әулиекөл аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Мәслихаттың "Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Көктал ауылының жергілікті қоғамдастықтың жиыннына қатысу үшін бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларын және ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" 2014 жылғы 19 наурыздағы № 145 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4659 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

мемлекеттік тілдегі тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Көктал ауылының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиыннына қатысу үшін тұрғындар өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы", орыс тіліндегі тақырыбында "ауылдар" деген сөз алынып тасталсын;

1 және 2-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Көктал ауылының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Көктал ауылының жергілікті қоғамдастық жиыннына қатысу үшін тұрғындар өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.";

көрсетілген шешіммен бекітілген, Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Көктал ауылының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген шешіммен бекітілген, Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Көктал ауылның жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары екілдерінің сандық құрамы осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген шешімнің қосымшаларында:

"Мәслихаттың 2014 жылғы 19 наурыздағы № 145 шешімімен бекітілген" деген сөздер "Мәслихаттың 2014 жылғы 19 наурыздағы № 145 шешіміне 1-қосымша" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Мәслихаттың 2014 жылғы 19 наурыздағы № 145 шешіміне қосымша" деген сөздер "Мәслихаттың 2014 жылғы 19 наурыздағы № 145 шешіміне 2-қосымша" деген сөздермен ауыстырылсын;

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әулиекөл аудандық мәслихаттың хатшысы

Д. Қойшыбаев

Мәслихаттың

2022 жылғы 9 акпандагы

№ 95 шешіміне

1-қосымша

Мәслихаттың

2014 жылғы 19 наурыздағы

№ 140 шешіміне

1-қосымша

Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Әулиекөл ауылның жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізуудің қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Көктал ауылның жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізуудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысымен бекітілген Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізуудің үлгі қағидаларына сәйкес әзірленді және Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Көктал ауылы көшелері тұрғындарының жергілікті қоғамдастық бөлек жиындарын өткізуудің тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидарда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрыллатын және жұмыс істейтін ауыл аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны – көше тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

2. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін Көктал ауылының аумағы участкерлерге (көшелерге) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Бөлек жиынды Көктал ауылының әкімі шақырады және ұйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың халқына жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы Көктал ауылының әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін құнгеле дейін құнтізбелік он құннен кешіктірмей хабардар етіледі.

7. Көше шегінде бөлек жиынды өткізуді Көктал ауылының әкімі ұйымдастырады.

Шағын аудан немесе көше шегінде көппәтерлі үйлер болған жағдайда, көппәтерлі үйдің бөлек жиындары өткізілмейді.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының ашылуы алдында тиісті көшениң қатысып отырған, оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы көшеде тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

9. Бөлек жиынды Көктал ауылының әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Көктал ауылының әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін тұрғындар өкілдерінің кандидатураларын Әулиекөл аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

11. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Көктал ауылының әкімінің аппаратына береді.

2022 жылғы 9 акпандагы

№ 95 шешіміне

2- қосымша

Мәслихаттың

2014 жылғы 19 наурыздагы

№ 140 шешіміне

2- қосымша

Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Көктал ауылдының жергілікті қоғамдастықтың жиынтына қатысу үшін тұрғындар өкілдерінің сандық құрамы

№ p/p	Көктал ауылдының көшелер атауы	Өкілдер саны (адам)
1	№ 1 көше	2
2	№ 2 көше	2
3	№ 3 көше	1
4	№ 4 көше	1
5	№ 5 көше	1
6	№ 6 көше	1
	Барлығы	8

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК